

«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық университеті» РММ  
Ғылыми кеңесінің шешімінен  
**БЕКІТІЛДІ**

«23» 04 2025ж. № 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров

**Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар**  
**4S02150101 «Аспаптық орындау»**  
**(аспап түрлері бойынша)**  
**«Фортепиано»**

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
02150100 «Аспаптық орындау» (аспап түрлері бойынша)	4S02150101 «Концертмейстер, балалар музыка мектебінің оқытушысы»	9 сынып базасында	Қазақ, орыс

Талапкерге қойылатын талап:

"Фортепиано" мамандығы бойынша Балар музыка мектебі, Балалар өнер мектебі аяқтағаны туралы Аттестат.

## **1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

### **1.1 Мамандық**

Орындалатын бағдарлама күрделілігі және көлемі жағынан колледж бағдарламасына сәйкес болуы керек, бағдарлама жатқа ойналады және келесі шығармаларды қамту қажет:

1. полифониялық шығарма;
2. үлкен пішіндегі шығарма (соната немесе вариациялар);
3. виртуозды этюд;
4. пьеса.

### **1.2 Коллоквиум**

Коллоквиум - музыкалық орындау саласындағы білімді тексерудің ауызша нысаны. Сұрақтар:

1. музыкалық әдебиетті музыкалық мектеп бағдарламасына сәйкес білу;
2. мәдениет және өнер саласындағы жалпы білім;

3. музыкалық терминдерді білу;
4. емтиханда орындалған шығармалар туралы айта білу: стиль, интерпретация және басқа да ерекшеліктер.

### 1.3 Гаммалар

- Барлық мажорлық және минорлық (гармониялық, мелодиялық), хроматикалық гаммалар, сонымен қатар ұзын арпеджио тура және қарама-қарсы қозғалыста орындалады;
- 11 аккорд барлық ақ клавишалардан орындалады.

#### \* ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Бірінші шығармашылық емтихан:

- *Мектепте мемлекеттік емтиханда орындалған бағдарламаны қайталауға болады ма?*

- Иә.

- *Мен БММ-ді басқа мамандық бойынша бітірдім, колледжге фортепиано мамандығына түсе аламын ба?*

- Жоқ.

- *Музыкалық білімсіз оқуға бола ма?*

- Жоқ, мүмкін емес.

- *Коллоквиум билеттер арқылы өтеді ме?*

- Жоқ, комиссия еркін нысанда сұрақтар қояды.

- *Партита немесе Сюита сияқты полифониялық циклдарды ойнауға болады ма?*

- Егер Партитаның немесе Сюитаның екі түрлі бөлімдерін орындасаңыз, болады.

- *К. Черни этюдтер ойнауға болады ма?*

- Иә.

- *Концерт ойнауға болады ма?*

- Жоқ.

- *Егер мен сольфеджионы нашар тапсырып және мамандық бойынша бағдарламаны өте жақсы ойнасам?*

- Ұпайлар жинақталады, біз барлық емтихан талаптарына байыпты қарауға кеңес береміз.

- *Скарлатти сонатасын үлкен форма ретінде ойнауға болады ма?*

- Жоқ, осы емтиханның контекстінде біз көне сонаталарды үлкен формаға жатқызбаймыз. Классикалық сонаталық формасының талабы Вена классиктерінің (Й.Гайдн, В.Моцарт, Л.Бетховен) және Ф. Шуберттің сонаталары немесе вариацияларын орындауды білдіреді.

- *ХТК-дан тек прелюдияны ойнауға болады ма?*

- Жоқ. Прелюдия мен Фуганы орындау керек.

- *Классикалық сонатаның 2-ші бөлімін ғана орындауға болады ма?*

- Жоқ. 1 бөлім немесе 2 және 3 бөлімдер орындалады.

## 2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

**СОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша) - емтихан талаптары БММ** бағдарламасы бойынша белгіленеді.

### I. Музыкалық диктант:

- Бірдауысты.
- Форма - біртональдік периоді, екі сөйлем, 8 такт.
- Жазу уақыты - 25-30 минут.
- Ойнау саны-8-10.
- Өлшем-ырғақтық қиындықтар - қарапайым өлшемдер, сегіздік нүктемен және он алтылық ырғақты топтар, пунктирлі ырғақ (төрттік нүктемен және сегіздік, сегіздік нүктемен және он алтылық), синкопаның қарапайым түрлері; диктант затақтпен немесе онсыз болуы мүмкін
- Интонациялық қиындықтар - қарапайым интервалдар, диатоникалық және гармоникалық үштондықтар, негізгі үшдыбыстық мен септаккордтардың дыбыстары бойынша қозғалу, хроматизмдердің қарапайым түрлері, диатоникалық секвенциялар.

Мысал:

(фортепиано, ішекті аспаптар)



### II. Ауызша емтихан:

1. БММ бағдарламасы бойынша теориялық білімді тексеру.
2. Әндету:
  - Ладтар - мажор және минордың 3 түрі, 5 және 7-сатылы халық ладтар;
  - Интервалдар – қарапайым, үштондар және ерекше;
  - Аккордтар - мажорлық, минорлық және кішірейтілген үшдыбыстықтар айналымдарымен, ұлғайтылған үшдыбыстық негізгі түрде, D7 айналымдармен, KVII<sub>7</sub> және Кіш VII<sub>7</sub> негізгі түрде;
  - Бірдауысты нота номерін парактан оқу. Мысал:

(фортепиано, ішекті аспаптар)



3. Есту талдауы:

- Интервалдар – қарапайым, үштондар және ерекше;
- Аккордтар - мажорлық, минорлық және кішірейтілген үшдыбыстықтар айналымдармен, ұлғайтылған үшдыбыстық негізгі түрде, D7 айналымдармен, KVII<sub>7</sub> және КішVII<sub>7</sub> негізгі түрде.

ПЦК «Фортепиано» төрайымы

А.М. Дауренбекова

ПЦК «Музыка теориясынын» төрайымы

Н.К. Жолдасова

«Фортепиано и орган» кафедра меңгерушісі

Р.Е Шоткалиева